

УДК 81'374

## **ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Исова Э.А.,**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, ҚМПИ,  
Қостанай қ., Қазақстан

### **Аннотация**

Ұсынылып отырған мақалада оқу лексикографиясының негізгі туындысы идеографиялық оқу сөздігінің педагогикалық қызметі және дидактикамен байланысы сөз болады. Сөздікте ғылыми, анықтамалық және дидактикалық интенциялар беріледі, сонымен қатар лексикалық бірліктер тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға топтастырылады. Идеографиялық оқу сөздіктерінде дәл осындай педагогикалық қызмет орын алады. Лексикограф оқырманның тілді өз бетінше меңгеруіне жағдай туғызады. Ол оқырманмен белгілі бір қашықтықтан, оқу сөздігінің беттерінен тілдесіп отырады. Идеографиялық оқу сөздіктердің негізгі мақсаты – белгілі бір ойды жеткізу үшін сөздерді таңдауға көмектесу.

### **Аннотация**

Данная статья посвящена одной из отраслей учебной лексикографии. Рассматриваются педагогические функции идеографического словаря и взаимосвязь с дидактикой. В словаре даются научные, определительные и дидактические интенции. Наряду с этим, лексические единицы делятся на тематические и лексико-семантические группы. В учебно-идеографическом словаре выполняются педагогические функции. Лексикограф создает условия адресанту самостоятельно изучать язык. Он общается с адресантом через учебный словарь на расстоянии.

### **Abstract**

*Current article is devoted to the study lexicography's sector. There are pedagogical functions of ideographic vocabulary in relation with didactics are considered. In the dictionary are given scientific, definitive and didactic tendency, along with it lexical units are divided into thematic, lexical and semantic groups. In the ideographic dictionary pedagogic functions are performed. Lexicographer makes conditions for addresser to learn the language independently. He communicates in the distance with addresser through the academic dictionary.*

**Түйін сөздер:** оқу сөздігі, сөйлеу, мәтін, адресат, адресант, тіл үйрету.

**Ключевые слова:** учебный словарь, речь, текст, адресат, адресант, обучение языку.

**Key words:** educational dictionary, speech, text, addressee, sender, language teaching.

### **1. Кіріспе.**

Тілді коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан сипаттап, қарым-қатынас лингвистикасын қалыптастыру үшін тілді үйрететін пәндер негіз болады. Оның нысаны – сөйлеу, мәтін, сөйлеуші мен тыңдаушының әлеуметтік және психологиялық сипаты, қарым-қатынас жасаушылардың әлеуметтік өзгешеліктері, тіл қызмет ететін әлеуметтік сала мен жағдаят. Мұнда функционалды стилистика, тіл мәдениеті, шешендік өнер, мәтін лингвистикасы, психолингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, паралингвистика т.б. қарым-қатынас теориясына лингвистикалық прагматика (прагмалингвистика), тілдік актілер мен сөйлеу этикетін сипаттау, лингвомәдениеттік, лингвоелтанымдық аспект маңызды қызмет атқарады. Осыған байланысты ғалым М. Балақаев: «Қазақ тілінің мәдениетін арттыра түсу талаптары алдымен оның коммуникативтік және қоғамдық қызметтерін жақсарта түсу шараларын жүзеге асыруды керек етеді», – деген болатын (М. Балақаев, 1984, 143 б.).

**2. Материалдар мен әдістер.** Прагмалингвистикада тілде бейнеленген тілдік таңбалар адамға бағытталады, сөйленім/мәтінді дайындауда ең қолайлы бірліктер жалпы жағдаятты, адресатты ескеріп, таңдап қолданылады. Адресант мәтін түзуші фактор ретінде мәтінді қабылдаушы адресатпен, оқырман, тыңдарманмен, интерпретатормен, яғни сөйлесудің белсенді субъектісімен алмасады. Тілді таңбалар жүйесі ретінде сипаттағанмен, ғалымдар арасында сөзді таңба ретінде тануда бірқатар таластар бар. Ф. де Соссюр шындықтың затпен біртұтас арақатынасын білдіретін сөзді «таңбалаушы» мен «таңбаланушының» бірлігі ретінде қарастырады (Ф. де Соссюр, 2004, 272 с.). сөз дыбыстық қабат болғанымен, мағынасы жағынан алғанда, түсінік болып шығады. Сөздің басты қызметі - дүниетанымды бейнелеу, оны айқындау. Белгілі бір дәрежеде сөздердің жиынтығы шындықтың бейнесі немесе корреляты деп есептеуге болады. Алайда тілде бейнеленетін шындық – жекеленген фактілердің қосындысы ғана.

Дүние жайлы біліміміз өскен сайын тіліміздің лексикалық дені жайлы біліміміз де ұлғая түспек. Осыған байланысты профессор А. Салқынбай: «Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарын бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл–тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым. Тіл ұлттық мәдениеттің құрамды бөлігінің бірі болып қана қоймайды, бүкіл мәдениет пен танымның негізі саналады. Мәдениет тіл арқылы жүйеленіп, қалыптасып, дамиды. Тілдің қоғамдағы рөлі қарым-қатынас жасау сипатымен ғана шектелмейді, адам ойының, санасының жетілуі мен дамуына да ықпал етеді» – дейді (А. Салқынбай, 1999, 309 б.). Жаңа сөздер тілге жай ғана механикалық түрде қосыла салмай, санамыздағы жүйеге енеді.

### **3. Талқылау.**

Соңғы жылдары тіл үйретуде сөздік құрамды жүйелі түрде меңгертуге көңіл аударыла бастады. Сол себепті лексиканың тілдік ұйымдасуын бейнелей алатындай, жиі қолданыла-

тын сөздерді қамтитын сөздіктер түзу қажеттігі туындап отыр. Тілдік (лингвистикалық, филологиялық) сөздіктер сөздерді тіл бірліктері ретінде қарастырады. Тілдік сөздіктер әдеби тіл нормаларын жетілдіре түсуге, тұтынушы тілінің жеке-дара алғанда сұлу, мәнерлі де нақтылы болуына ықпал ете алады. Тіл таңбалар жүйесі болғанмен, оймен органикалық бірлікте қарастырылады. Ойлау шындықтағы танымның динамикалық процесін білдіреді және ол туралы адамның білімін қалыптастырады. Білім – адамның заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын ұғынуының жемісі. Білімнің өзі сөзбен шыңдалады. Тіл бірлігі ретінде қарастырылғанымен, сөзде таңбалық қасиет бар. Қоғамда болып жатқан құбылыстар, өзгерістер тілде үнемі ізін, таңбасын қалдырып отыратындықтан, тілді тарихпен, этнографиямен тығыз байланыста зерттеу қажет. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымының негізін қалаған ғалым академик Ә. Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі: коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен, содан іздеуіміз керек (Ә. Қайдар, 1985, 19 б.), – деп жазады. Этнос болмысының ерекшеліктерін зерттейтін ғылымдарды академик Ә. Қайдар екіге бөледі: 1) этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәселен, мәдениеттану), этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрономия, педагогика, дидактика т.б.) ғылымдар; 2) этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты ғылымдар (мәселен, этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография, социоллингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика т.б.) (Ә. Қайдар, 1985, 12 б.).

#### 4. Нәтижелер.

Кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде прагматикалық ұстанымдарды басшылыққа алып жазылған еңбектер көбейіп келеді. Ғылыми мәтіннің ерекше типі ретіндегі сөздікте прагматика жетекші категория болып саналады. Біріншіден, прагматика, жетекші ерекшеліктердің бірі ретінде, мәтіннің анықтамасына енеді. Екіншіден, мәтіннің тағы бір маңызды категориясы – мәтіннің тәмамдалымдығы да прагматика арқылы анықталады. Үшіншіден, сөздіктің прагматикалық бағдарын жасау, анықтау ісі практикалық лексикографиялық қызметтің ең маңызды элементі, сөздіктің негізгі сипаттамаларын анықтайтын элемент болып табылады. Сөздіктің прагматикалық бағдарының сипаты өзара байланысты төрт элементпен (сөздіктің интенциясы, сөздіктің аудиториясы, лексикографияланатын көлем, лексикографияланатын нысан) байланысты болады. Интенция сөздікке тән прагматиканың, яғни *сөздіктік прагматиканың* жетекші элементі болып табылады. Интенция – латын тілінде «сананың белгілі бір затқа, ойға, мақсатқа бағытталуы» мәнінде қолданылатын *intentio* сөзінің негізінде қалыптасқан терминдік аталым. Бұл жерде *сөздіктің концептуалдық негізі, құндылығы, басты бағдары* ұғымдарында қолданылып отыр. Сөздікте ғылыми, анықтамалық және дидактикалық интенциялар болады. Сөздіктің құрылымы мәселелеріне арналған жұмыстарды зерттеудің негізгі бағыты – жүйеден бірлікке қарай жүргізілетін мәтіндік бағыт. Бұл бағыт бойынша, сөздік ғылыми-дидактикалық мазмұнды мәтін ретінде ұғынылады. Сөздікке тән баяндау типінің өзі сөздіктің дидактикалық жанрға жататындығын және оның бойында педагогикалық дискурстың барлық негізгі сипаттарының бар екендігін байқатады. Сөздіктегі педагогикалық дискурс (*discours pedagogique*) оқулықтардағыдан өзгешелеу болады. Сөздікті дидактикалық жанрдағы өзге туындылармен жақындастыратын нәрсе – оны түзуші адам мен оқушы адам арасындағы ерекше сабақтастық. Француз ғалымдары К. Дюбуа мен Ж. Дюбуа «Лексикографияға кіріспе» деп аталатын еңбегінің «Сөздіктің педагогикалық тілі» атты

тарауында (Dubois J., Dubois C., 1971, 171 с.) сөздікті дидактикалық жанрадағы туындылардың қатарына жатқызады. Авторлардың пікірі бойынша, сөздік-тілдегі жеке сөздерді қалай қолдануды үйрететін педагогикалық құрал, сөздіктің тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті сөйлесетін тілі емес. Сөздіктің тілі – педагогикалық тіл. Ол – сарапталған, талданған тіл. Педагогикалық тілдің түрі болғандықтан, сөздік оқырманды коммуникацияның нақты бір типіне бағдарлап, барша қауым мүшелерінің, яғни «мен», «сен» және «ол» арасындағы анық қарым-қатынастарға бағыттайды. Әрі сөздіктің авторы, әрі коммуникация субъектісі болып табылатын лексикограф пікірлесушілер (оқырмандар) тарапынан өзіне қойылатын сауалдарға бағдар ұстайды. Сауалдарға жауап бере отырып, лексикограф коммуникациядағы айқын субъект ролінде көрінбейді, коммуникацияның ұжымдық субъектісі (қоғам) атынан сөйлейтін байланыстырушы, аралық бейне ролінде көрінеді. Яғни лексикограф қоғам тарапынан жүзеге асырылатын ұжымдық айтылымның болжалды субъектісіне айналады. Оқырмандар өздерін идеалды түрдегі сөйлеуші субъект ретіндегі лексикографпен бірге, бір бүтін санайды. Ал берілетін жауаптар нақты мәдени қауымдастық атынан айтылатын соңғы ақиқат болып табылады. Сөздіктен алынатын білік, білім оқырмандардың мәтіндерді түсінуге кедергі келтірген кемістіктерінің орнын толтыруға көмектеседі. Ол норманың кепілі ретіндегі лексикографтың білігі мен жекелеген оқырмандардың толымсыз білігі арасындағы алшақтықты жояды (А.С. Ахманова, 1957, 290 с.). Демек, лексикографиялық хабарламаның табиғаты да ұстаздың педагогикалық хабарламасының табиғатымен бірдей. Сөздік нұсқау жасайды. Мұның өзі сөздіктегі деректерді осылайша қолданудың қажеттігін байқатады. Сөздік – анықтамалық құрал болғандықтан, айтылымдарының заңды күші бар, олар беретін анықтамалары құқықтық әлеуетті мәтін түзеді. Ұжымның пікірін білдіруші ретіндегі лексикограф шын мәнінде *сенімхаты бар заңдастырушы* болып табылады.

Оқу лексикографиясының негізгі туындысы ретіндегі оқу сөздіктерінде дәл осындай педагогикалық қызмет орын алады. Лексикограф оқырманның тілді өз бетінше меңгеруіне жағдай туғызады. Ол оқырманмен белгілі бір қашықтықтан, оқу сөздігінің беттерінен тілдесіп отырады. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытар болсақ, кез келген сөздіктің ең әуелі дидактикалық туынды, яғни оқытуға, үйретуге арналған туынды болып табылатындығына көз жеткіземіз.

Дидактикалық элемент сөздіктің бәрінде де бар (В.В. Виноградов, 1977, 312 с.). Алайда ол сөздіктің түрлі типтерінде әрқилы көрінеді. Яғни, сөздіктердегі дидактикалық элементтің ашық, айқын көрініс дәрежесі әртүрлі болады. Әрине, ғылыми зерттеулерге қажетті материал даярлайтын таза лингвистикалық салалық сөздіктерде (этимологиялық, жиілік т.б. сөздіктер) сирек көрініс табады. Мұндай сөздіктерде міндеттеуші, белгілеуші элемент өте аз дәрежеде, ақпараттық сипаттағы материал басым дәрежеде көрінеді. Тілдегі сөздіктің ең негізгі, орталық типі – түсіндірме сөздік. Түсіндірме сөздіктерде дидактикалық интенция айқын байқалады. Ол сөздіктің құрылымындағы элементтердің барлығында да, сөзді сұрыптап алып, түсіндірме жасаудан бастап, шартты белгілер жүйесіне дейін – бастан-аяқ көрініс береді. Тілді үйрету, жүйелеу, тілдегі сөздерге анықтама беру, нормалау қызметтері, яғни оқыту, жүйелеу, анықтамалық, нормалау қызметтері – барлық тілдік сипаттамалардағы жалпыға ортақ дидактикалық қызмет түрлері болып табылады. Лексикография теориясында сөздік түрлерін анықтау мәселесі маңызды орын алып келеді. Бұл орайда Л.В. Щербаның сөздіктерді жіктеуі бөлек. Ғалым сөздіктерді:

*академиялық үлгідегі сөздік – анықтама-сөздік;*

*энциклопедиялық сөздік – жалпы сөздік;*

*тезаурус – қарапайым сөздік;*

*қарапайым сөздік – идеологиялық сөздік;*

*түсіндірме сөздік – аударма сөздік;*

*тарихи емес сөздік – тарихи сөздік түрінде өзара қарама-қарсы қоя отырып жіктейді*

(Л.В. Щерба, 1974, 428 с.).

Келтірілген антитезалардың ішіндегі *қарапайым сөздік – идеологиялық сөздік* жұбы

зерттеуімізде сөз болып отырған идеографиялық сөздікке қатысты. Бұл жерде ғалым қарапайым сөздік түрлерінде сөздік бірліктердің әліпбилік ретпен берілетініне, ал идеологиялық сөздіктерде семантикалық жүйе бойынша, тақырыптық топтамалар түрінде берілетініне ерекше назар аударады. Лексикография теориясы бойынша жазылған бұл еңбектегі бірінші антитезада (академиялық сөздік – анықтамалық сөздік) келтірілген тұжырымдардан академиялық сөздік пен анықтамалық сөздіктің әрі ғылыми, әрі нормативті сөздік болып табылатындығын аңғаруға болады. Демек, бұл екеуі де тілді үйрету ісінде оқулық пен сөздіктің міндетін бірегей түрде атқаратын оқу құралы болып табылады.

Р. Түсіпқалиева «Қазақ лексикографиясы: екі тілді шағын сөздіктердің құрылымы» атты еңбегінде лексикограф-ғалым А.Е. Супрунның тілді үйрету мақсатында жасалатын сөздіктердің жіктемеде ерекше орын алуын қолдап, академик Л.В. Щербаның дихотомиялық жіктеліміне қосалқы топ ретінде қосуды ұсынатындығы туралы жаза келіп, ғалымның өз тарапынан *жалпы сөздік – оқу сөздігі* түріндегі жетінші дихотомиялық жұпты ұсынғанын айтады (Р. Түсіпқалиева, 2007, 15–16 бб.). Автор бұл ұсынысты қолдайды. Соңғы 20–30 жылда қарқынды дамып келе жатқан оқу лексикографиясының жетістіктерін, оқу сөздіктерінің мәні мен маңызын мойындай отырып, біз де өз тарапымыздан бұл ұсынысты мақұлдаймыз.

Сөздіктерді топтастыруда сөздің жүйелі сипаттары (сөз бен сөйлеу, сөз бен оның қолданылатын ортасы, сөз бен елтаным, сөз бен грамматикалық жүйе, сөз бен жазу, сөз бен лексика-фразеологиялық жүйе, сөз бен оның мағынасы) толық ескерілуі тиіс. Нақты тіл үйренім сөздік түзу үшін жалпы лексикографияда осындай үлгідегі сөздіктердің маңызы ерекше. Сөздің қолданысы бірқатар факторларға байланысты болады. Атап айтқанда: 1. Семантикалық, яғни сөздің мән-мағынасы. 2. Коммуникативті, сөздің қай салада, стильде, сөйлеу жағдаятында қолданылатыны т.с.с. (Н.М. Шанский, 1990).

Лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық қатынасын сөз еткенде, тілден тыс факторларымен қатар ұғымдар тіл бірліктері, сөздердің парадигмалық қатары арқылы берілетіндіктен, тілдің ішкі жүйелілігі де ескерілуі тиіс. Яғни тілді үйреніп, тілүйренім сөздік құрастыру үшін сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті қазақ тілін үйретуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі принциптеріне, идеографиялық оқу сөздіктер түзуге ерекше назар аудару қажет. Мұндай идеографиялық оқу сөздіктердің негізгі мақсаты – белгілі бір ойды жеткізу үшін сөздерді таңдауға көмектесу (З.Н. Левит, 1979).

## 5. Қорытынды.

Осыған орай идеологиялық сөздіктерде сөздік бірліктер семантикалық жүйе бойынша, тақырыптық топтамалар түрінде берілетіндіктен бастауыш мектептің екінші сынып оқушыларына арналған идеографиялық оқу сөздіктерін құрастыру үшін үлкен төрт тақырыптық топ анықталады. Олар: табиғат, жануарлар әлемі, өсімдіктер әлемі, адам. Аталған тақырыптық топ өз ішінен әртүрлі лексика-семантикалық топтарға жіктеліп беріледі. Мысалы өсімдіктер әлемі өз ішінен тағы да 1. Өсімдік құрылысы. 2. Өсімдіктің өсу жағдайы. 3. Өсімдік түрлері сияқты лексика-семантикалық топтарға бөлініп, әр қайсысына сөздер лексикалық мағынасының жақындығына қарай топтастырылады. Өсімдіктер құрылысы *тамыр, сабақ, жапырақ т.б.* тұратындығы дүниетану пәнінің бағдарламасына сәйкес оқытылады. Осы дүниетану пәнінен алған танымдық білімін идеографиялық оқу сөздіктерінің көмегімен толықтырып, кеңейте түсуге болады. Мұнда бастауыш сынып оқушыларына төмендегіндей дидактикалық дағдыны меңгерту басшылыққа алынады, ескеріледі. Солардың бірі - **баланың шығармашылық қабілетін дамыту**. Онда мынандай жұмыс түрлері мәнерлеп оқуға жаттығу, мәтіндерді дұрыс, саналы түсініп оқу, шапшаң оқу, байланыстырып сөйлеу, тілін дамыту, мәтінмен жұмыс істей білу, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту, сөйлем құрастыра алу, дыбыс, әріптермен жұмыс, сөз, орфография, есте сақтап жатқа жазу, көркем жазу, шығармашылықпен жазу т.б. жазуға байланысты жұмыс түрлері орындалады. Сөздікте бұл төмендегіндей көрініс табады. Өсімдіктің өсу жағдайы; **жарық** – *освещение*, **топырақ** – *земля*, **ауа** –

*воздух, су – вода, жылу – тепло. Жарық* – қараңғы емес, жарқыраған, ашық. (ҚТТС, 274 б). **Топырақ** – жердің үстіңгі жұмсақ қабаты. (ҚТТС, 812 б). **Ауа** – жан-жануар мен өсімдіктің тіршілік етуіне өте қажетті, түссіз, иіссіз зат. (ҚТТС, 70 б). **Жылу** – күннен оттан бөлінетін қызу. (ҚТТС, 330 б). **Су** – өзен көл т.б. құрайтын мөлдір сұйық зат. (ҚТТС, 744 б).

Ақ жылан аяғы да, көзі де жоқ,  
Сөйлеген не бір ауыз сөзі де жоқ,  
Тоқтамай қысы-жазы жүре берер,  
Бір сәтке аялдайтын жері де жоқ. (су)

Сөздікте біріншіден сөздердің орыс, ағылшын тіліндегі аудармасы, екіншіден түсіндірмелі сөздіктен анықтамасы берілсе, үшіншіден тіл дамыту мақсатында, адресант жас ерекшелігіне сәйкес тілдік материалдармен толықтырылады. Атап айтатын болсақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, төрт шумақ өлең т.б. беруге болады.

#### **Әдебиет тізімі**

- Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.  
Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. –18. – 26 б.  
Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.  
Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: фил. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.  
Ахманова А.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – М.: Госучпедгиз, 1957.  
Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: Избр.труды. – М.: Наука, 1977.  
Левит З.Н. Лексикология французского языка: Для ин-тов и фак. иностр.яз. – М.: Высшая шк., 1979. – 160 с.  
Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. – М.: Едиториал. УРСС, 2004. – 272 с.  
Шанский Н.М. Учебный словарь античных имен в русской поэзии. – Ашхабад: Магарыф, 1990.  
Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974.  
Dubois J., Dubois C. Introduction a la lexicographie. – 1971.